



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 8 қараша

**ҚР Ұлттық Банкінің «Тоқсандық болжамдық модельдегі ұзақ мерзімді тепе-теңдік өлшемдерінің кейбір аспектілері» экономикалық зерттеуді жариялауы туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында «Ақша-кредиттік саясат» бөлімінде «Тоқсандық болжамдық модельдегі ұзақ мерзімді тепе-теңдік өлшемдерінің кейбір аспектілері» экономикалық зерттеуді жариялады.

Зерттеу шеңберінде ұзақ мерзімді тепе-тең мәндермен қатар ІЖӨ-нің және оның құрауыштарының серпініне талдау жасалды. Экономиканың құрылымы негізінде ІЖӨ-нің өсу және төмендеу факторлары келтірілді.

Алынған, тарихи статистикалық талдауға негізделген нәтижелерге сәйкес ұзақ мерзімді экономикалық тепе-тең өсу сыртқы сұраныстың көрсеткіштеріне және экспорттық тауарлардың бағасына сезімтал. Тепе-тең өсудің ұзақ мерзімді әлеуетін ұлғайту үшін ішкі экономикадағы импульс қажет, ол институционалдық ортаның дамуын, экономиканы әртараптандыруды, адам капиталының және технологияның сапасын жақсартуды қамтуға тиіс.

Ұзақ мерзімді тепе-тең экономикалық өсу мен бейтарап нақты пайыздық мөлшерлеме арасындағы талдау мысалында ұзақ мерзімді болашақта құрылымдық экономикалық реформаларды жүргізбей және мұнайдың бағасы тұрақты болмай инклюзивтік өсуге қол жеткізудің мүмкін еместігі туралы тұжырым жасалды.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)